


VPN-ді баптау - Windows 10


1) Экранның төменгі оң жақ бөлігінен «Хабарламалар орталығы» деген таңбаны тауып алыңыз




2) Тышқанның сол жақ батырмасымен сол таңбаны басып, пайда болған терезеден «Барлық параметрлер» дегенді таңдаңыз



3) Шыққан терезеден "Желі және Интернет" дегенді тауып, оны тышқанның сол жағымен басыңыз:



4) Одан кейін "VPN" деген қосымшаны басып, "VPN-байланысты қосу" деген сілтемемен ауысамыз:



4) Шыққан терезедегі көрсетілген алаңдардан келесі параметрлерді таңдаңыз:

VPN қызметін көрсетуші – [Windows](#) (орнатылған)

Қосылу аты – абонент көрсеткен сөз

Сервердің аты немесе мекенжайы – l2tp.internet.beeline.kz

VPN түрі – [Протокол L2TP/IPsec](#)


Кіру үшін деректер түрі – [Пайдаланушы аты мен құпиясөз](#)

Пайдаланушы аты (міндетті емес) – абонент атбелгісі


Құпиясөз (міндетті емес) – құпиясөз

A screenshot of the "Добавить VPN-подключение" (Add VPN connection) dialog box in Windows. The background is green. The title is "Добавить VPN-подключение". It contains several fields: "Поставщик услуг VPN" (VPN service provider) with a dropdown menu showing "Windows (встроенные)"; "Имя подключения" (Connection name) with a text box containing "Beeline"; "Имя или адрес сервера" (Name or server address) with a text box containing "l2tp.internet.beeline.kz"; "Тип VPN" (VPN type) with a dropdown menu showing "Протокол L2TP/IPsec"; "Тип данных для входа" (Login data type) with a dropdown menu showing "Имя пользователя и пароль"; "Имя пользователя (необязательно)" (Username, optional) with a text box containing "0010006034"; "Пароль (необязательно)" (Password, optional) with a password field containing dots and a visibility icon; and a checked checkbox "Запомнить мои данные для входа" (Remember my login information). At the bottom right are two buttons: "Сохранить" (Save) and "Отмена" (Cancel).


5) Одан кейін **"Ethernet"** деген қосымшаны басып, **"Желілер мен жалпы қосылуды басқару орталығы"** сілтемесімен өтеміз:




6) Осы терезенің сол жақ жоғарғы бөлігіндегі **"Адаптер параметрлерін өзгерту"** сілтемесін басыңыз:



7) Шыққан **"Желілік байланыстар"** деген терезеден жаңа ғана жасаған байланыс ұяшығына тышқанның оң жағымен басып, мәзірдің **"Сипаты"** деген бөлімін таңдаңыз:



9) Келесі терезеден **"Қауіпсіздік"** қосымшасына өтіп, келесі өзгертулерді енгізіңіз: **"VPN түрі"** деген жолдан **"L2TP протоколы IPsec (L2TP/IPsec)"** дегенді таңдап, **"Деректерді шифрлау:"** деген алаңға **"Міндетті емес (шифрлаусыз да қосылу)"** дегенді белгілеңіз. Шифрлау протоколдары тізімінен тек **"CHAP құпиясөзін тексеру протоколы"** деген жерге ғана жалауша қойыңыз). **"ОК"** дегенді басыңыз:



10) Қайтадан "VPN" деген қапталға өтіп, "Қосылу» сілтемесіне ауысамыз:

